

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕНДЕР

НЕМЕСЕ КҮШТЕП КӘМПЕСКЕЛЕУ ҚҰРБАНДЫҚТАРЫ

1928 жылы жаңа ғана қабырғасы қатайып келе жатқан әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйе жүзеге асырған қазақ байларын күштеп кәмпескелеу және оларды зорлап жер аудару тұтас бір халықты ашықтан-ашық қуғын-сүргінге ұшыратудың және бұқараны жаппай қырудың бастауы болды. Қазақ байларымен қатар елдің игі жақсыларын да, алаш интеллигенциясының көрнекті қайраткерлерінде топтап түрмеге қамауға баса мән берілді. Көзі ашық оқыған жандар, қазақ байларын ұлттың ең іскер де пысық бөлігін жойып жіберудің күллі халыққа қасірет әкелетінін, оны сөз жоқ ашаршылыққа ұрындыратынын дер кезінде көре білген еді. Бірақ олардың үніне құлақ асқан ешкім болмады.

Алаш қайраткерлерін айтпағанда, қазақ байларын күштеп жою саясатына ашықтан-ашық қарсы шыққандар сол жылдары Ф. И. Голощекин басқарып тұрған Қазақстан большевиктерінің өз ішінде көрініс берген еді. 1927 ж. VI жалпы қазақтың партия конференциясында «Сәдуақасов — Қожанов тобын» Голощекин осындай бағыты үшін сынға алған және бұл «топтың» (мұндай топшылдық шын мәнінде өмірде болған емес) басшылары Смағұл және Сұлтанбекті Қазақстаннан кетуге мәжбүр еткен еді.

Қазақ байларына қарсы бітіспес, ымыраға келмес, адамгершіліктен жұрдай, қатал да мейірімсіз бағыт ұстаған Голощекиннің және оның төңірегіндегілердің «үлкен жетістігі» — 1928 жылы 27 тамызда байларды кәмпескелеуге және жер аударуға шешім қабылдаған Қазақстан өкіметінің Декретін Мәскеудегі Сталин бастаған ат төбеліндей азшылықтың құлшына қызу мақұлдауына қол жеткізулері еді.

27-ші тамыздағы Декретті орындау барысында қараша айының 20-на дейін барлығы 696 байдың қожалықтары зорлап кәмпескеленді. Оның 562-сі Голощекин жартылай феодалдар деп атаған байлардың алғашқы категориясына, ал 134-і әлеуметтік артықшылықтары бар топ деп аталатын сұлтандардың, хандардың, датқалардың, болыстардың тұқымдары және ірі дінбасылары мен алаш қозғалысына белсене қатысқандардың категориясына жатқызылды. Осы соңғылардың шын мәнінде көпшілігі кедейленіп жұпыны өмір сүре тұрса да, олардың бар мал-мүлкі кәмпескеленіп, өздері жер аударылды.

Төменде біз беріп отырған тізімде осы аталған екі категория өкілдері түгелдей дерлік қамтылған. Оқырманға ұсынылып отырған бұл тізім Қазақстан Республикасы Мемлекет Қауіпсіздігі Комитетінің архивінде және Қазақстанның ұлттық Орталық Мемлекет архивінде сақталған материалдар негізінде жасалған. Соңғысының қорында жер аударылған қазақ байларының жеке істері де бар.

Тізіммен танысу барысында оқырманды кімде қанша мал болды? — деген сұрақтың мазалары да сөзсіз. Алдын-ала ескертеміз, бұған дәлме-дәл жауапты бүгінде ешкім бере алмас. Іс-қағаздарында көрсетілген малдар сандарында да айырмашылықтар, көзбояушылықтар бар. Кімнен қанша мал кәмпескеленгенін жоғарыда аталған Декретке сәйкес аудандарға берілген сипаттамалар негізінде шамаланғаны анықтауға болады. Кәмпескеленетін аудандар, үшке бөлінді: көшпелі аудандар; жартылай көшпенді аудандар және отырықшы аудандар. Көшпелі аудандарда малдарының саны ірі қараға шаққанда 400 бастан асатындар, ал жартылай көшпелі аудандарда — 300 бастан асатындар, отырықшы аудандарда

— 150 бастан асатындар көмпескелеуге ұшырады. Ескерте кетер бір мәселе соңғы, отырықшы аудандардағы мал басы мөлшерін 100 басқа дейін төмендетуге Қазақ АССР-ы Халық Комиссарлары Кеңесінің толық хұқы болды.

Ал енді аталған аудандар түрлеріне қандай аудандар жатқанын білгісі келетіндерге біз олардың нақты тізімін де ұсына аламыз. Олар мыналар:

1. Көшпелі аудандар

Сырдария округінде: 1) Қызылқұм; 2) Созақ; 3) Сарысу; 4) Шу.

Қызылорда округінде: 1) Арал; 2) Қазалы; 3) Аламысық; 4) Қарсақпай.

Алматы округінде: 1) Балқаш

II. Жартылай көшпелі аудандар

Гурьев округінде: 1) Новобогат; 2) Жаманқала; 3) Еспол; 4) Доссор; 5) Қызылқоға; 6) Жылқосы; 7) Теңіз.

Орал округінде: 1) Жымпиты; 2) Тайпақ; 3) Қаратөбе; 4) Шыжы; 5) Жанғалы; 6) Сламихин; 7) Шапшағын;

Қостанай округі: 1) Торғай; 2) Батбақара; 3) Убаған; 4) Аманқарағай; 5) Жетіқара; 6) Наурызұм.

Ақтөбе округі: 1) Темір; 2) Ырғыз; 3) Шалқар; 4) Қарабұтақ.

Ақмола округі: 1) Асанқайғы; 2) Қорғалжын; 3) Промышленный; 4) Қарағанды; 5) Азат; 6) Еркіншілік; 7) Нұра; 8) Атбасар; 9) Ақмола.

Павлодар округі: 1) Қызыл ту; 2) Төңкерек; 3) Баянауыл; 4) Сейтенов; 5) Павлодар.

Қарқаралы округі: 1) Абралы; 2) Ақсары; 3) Берқара; 4) Балқаш; 5) Шет; 6) Шұбартау; 7) Қу.

Семей округі: 1) Шыңғыстау; 2) Аягөз; 3) Тарбағатай; 4) Мақаншы; 5) Қызыл тау; 6) Бесқарағай; 7) Марма; 8) Қызыл тас; 9) Ұлан.

Алматы округі: 1) Қарғалы; 2) Сүйғатын; 3) Алтынемел; 4) Қаратал; 5) Қоңыр өлең; 6) Қарқара; 7) Шоқпар; 8) Қордай; 9) Бөрібаев; 10) Бүйен-Ақсу; 11) Қастек; 12) Алакөл.

Сырдария округі: 1) Талас; 2) Әулие ата; 3) Мерке; 4) Қараспан; 5) Жаңақорған; 6) Арыс; 7) Түлкібас; 8) Шаян.

Қызылорда округі: 1) Қармақшы; 2) Қараөзек; 3) Қызылорда; 4) Шиелі.

Петропавл округі: 1) Бейнетқор; 2) Еңбекшілдер; 3) Октябрь; 4) Көкшетау.

Осы аталған аудандардан басқалары отырықшы аудандарға жатқызылды.

Ал енді осы жерде ескерте кетер тағы бір мәселе, жоғарыда біз мал басын ірі қарамен есептеп көрсеттік қой. Оқырманға түсінікті болуы үшін мынаны айтқан жөн: ірі қараға екі жастан асқан жылқы, сиыр, өгіз, түйе жатқызылды. Ал малдың қалған түрлерінен үш бас құлын, екі бас тай, бір бас ірі қараға, 5 бас қой — бір ірі қараға, 6 бас ешкі бір ірі қараға есептелді.

Сондай-ақ біз оқырманға ұсынып отырған байлар тізімінде олардың ата-мекені; туып-өскен жері көрсетілгенін де ұмытпаған жөн. Ал енді кімнің қайда жер аударылғанын білігісі келетіндерге төмендегі, мәліметті ұсынамыз:

1. Жетісу және Сырдария округтерінен Орал округіне

2. Орал округінен Жетісу округіне

3. Қарқаралы округінен Қостанай округіне

4. Гурьев округінен Петропавл округіне

5. Семей округінен Сырдария округіне

6. Павлодар округінен Ақтөбе округіне

7. Петропавл округінен Ақтөбе округіне

8. Қызылорда округінен Адай округіне

9. Ақмола округінен Гурьев округіне

10. Ақтөбе округінен Қарқаралы округіне

11. Қостанай округінен Семей округіне

Біз ұсынып отырған тізімдегі есімдердің және аудандарының аттарының архив қорында орыс тілінде берілгенін, сондықтан да кейбір кісілердің аты-жөнін және аудандар аттарын қазақшаға аударып беруде кейбір қателіктердің орын алуы әбден мүмкін екенін ескертеміз. Бұған біз емес, осы тізімді жасаған ОГПУ органдары кінәлі деп ойлаймыз. Құжаттардағы мәліметтерді өзгертуге қақымыз жоқ.

Жазықсыз жапа шегіп, шектен тыс жазалауға ұшыраған бұл жандардың кейбірі 1928-29 жылдардағы көмпескеден аман қалса да, 1930-31 жылдардағы бай-құлақтарды тап ретінде жою науқанына бәрібір ілініп кете барды.

Алғашқы, 1928 ж. 27 тамыздағы Декрет бойынша Қарақалпақ Автономиялы облысы. Абай округі және мақта өсіретін кейбір аудандар көмпескеден босатылса да 1930 жылдан бастап олар да тәркіленді.

Айдаудан қашып шыққан тізімдегілердің кейбірі 1929-31 жылдардағы шаруалар көтерілістеріне де қатысты. Иә, қазақ шаруаларының тағдырлары аса қайғылы.

Алматы округі

1. АБАЕВ Нұркебай, Еңбекшіқазақ ауданы
2. АБЫЛАЙХАНОВ Бәкірша, Қаратал ауданы
3. АБЫЛАЙХАНОВ Фаюрзыпа, Қаратал ауданы
4. БАЙҚОЖАЕВ Қасымбай, Қаратал ауданы
5. АЙШИЕВ Әшімбек, Қаратал ауданы
6. АСЫҒОВ Ахметжан, Қаратал ауданы
7. АСЫЛБЕКОВ Есдәулет, Қаратал ауданы
8. АҚТАЕВ (Ахатаев) Құладжан, Қордай ауданы
9. АХМЕТЖАНОВ Мұхамед, Бәрібаев ауданы
10. АУЫЛБЕКОВ, Мешітбай, Бәрібаев ауданы
11. БӘДІМТАЕВ Иса (Бірімтаев), Қарқара ауданы
12. БАЗАРБАЕВ Тасыбек, Бәрібаев ауданы
13. БАЙБАТШАЕВ Оразалы, Қарқара ауданы
14. БАЙДӘУЛЕТОВ Жорып, Еңбекшіқазақ ауданы
15. БАЙДӘУЛЕТОВ Бекбатыр, Еңбекшіқазақ ауданы
16. БӘРІБАЕВ Қожай (Бәрібаев Қожабай), Балқаш ауданы
17. БАҚТИЯРОВ Кеңесбай, Балқаш ауданы
18. БАҚТИЯРОВ Көжебай, Бәрібаев ауданы
19. БЕСКЕМПІРОВ Райыс, Еңбекшіқазақ ауданы
20. БЕКСҰЛТАНОВ Заманбек, Еңбекшіқазақ ауданы
21. БЫЛШЫҚОВ Бейнет, Еңбекшіқазақ ауданы
22. БЫЛШЫҚОВ Бәкіш, Бүйен-Ақсу ауданы
23. БҰҒЫБАЕВ Рахметолла, Бүйен-Ақсу ауданы
24. БҰЛАНБАЕВ Саяқ, Қаратал ауданы
25. ДАРҚАНБАЕВ Дәулетбек, Қаратал ауданы
26. ДӘРКЕМБАЕВ Әбүйір, Қаратал ауданы
27. ДАУЫЛБАЕВ Есенбай, Қаратал ауданы
28. ДӘУІТӘЛИЕВ Өтеген, Қаратал ауданы
29. ДИҚАНБАЕВ Арыстан (Арыстанбек), Қаратал ауданы
30. ДӘУЛЕТБЕКОВ Ахмет, Қаратал ауданы
31. ДҮРКІМБАЕВ Әбуиір, Қарқара ауданы
32. ДҮРКІМБАЕВ Дәулет, Еңбекшіқазақ ауданы
33. ЖАЙНАҚОВ Дүйсебек (Жанақов), Еңбекшіқазақ ауданы
34. ЖАНБАУОВ Қарасарт, Еңбекшіқазақ ауданы
35. ЖАУБАСАРОВ Әбілда, Еңбекшіқазақ ауданы
36. ЖЕНДЕТТАПҚАНОВ Сыдық, Бәрібаев ауданы
37. ИМАНБЕКОВ Исабек, Қарқара ауданы
38. ЕСЕНОВ Айдарбек Қарқара ауданы
39. ЕСКІМБАЕВ Қасен, Бәрібаев ауданы
40. СМАЙЫЛОВ Дәркенбай, Балқаш ауданы
41. СМАЙЫЛОВ Тезекбай, Балқаш ауданы
42. СМАЙЫЛОВ Тоқсанбай, Еңбекшіқазақ ауданы
43. ҚАДЫРБАЕВ Жалқыбай, Еңбекшіқазақ ауданы
44. ХАЛЫҚОВ Сағит, Еңбекшіқазақ ауданы
45. ҚАНАПИЕВ Әбдікәрім, Қарқара ауданы
46. ҚАРАЕВ Әлімбай, Қарқара ауданы
47. ҚАНЫБЕКОВ Қасен, Қарқара ауданы
48. КЕЛГЕНБАЕВ Әбділда, Қарқара ауданы
49. КЕНІКЕНОВ Таппай, Қарқара ауданы
50. КЕЛШІБАЕВ Жетібай, Қаратал ауданы
51. ҚЫЛИЕВ Сарыеке, Бүйен-Ақсу ауданы
52. ҚОЖАНБЕРДИЕВ Мүсәпір, Қордай ауданы
53. ҚОЖАНБЕРДИЕВ Мүсінші, Қордай ауданы
54. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Шолтыбай, Қордай ауданы
55. ҚҰЛМАМБЕТОВ Жүніс, Еңбекшіқазақ ауданы
56. ҚҰМАЕВ Ақшал (Ақыл), Қарқара ауданы
57. ҚЫЛҒИБАЕВ Жетібай, Қарқара ауданы

58. МАЛАЕВ Сәмет, Қарқара ауданы
59. МАМАНОВ Есенғұл, Бүйен-Ақсу ауданы
60. МАМАНОВ Қожахмет, Бүйен-Ақсу ауданы
61. МАМАНОВ Махмұтбек, Бүйен-Ақсу ауданы
62. МАМАНОВ Сейдахмет, Бүйен-Ақсу ауданы
63. МӘМЕТОВ Базарбай, Бәрібаев ауданы
64. МАМОНТОВ Бидахмет, Бәрібаев ауданы
65. МӘРКЕНОВ Әлімбай, Шоқпар ауданы
66. МӘРКЕНОВ Сапарбай, Шоқпар ауданы
67. МІРСАЕВ Әбдікәрім (Мерсиев Әбдікәрім), Бәрібаев ауданы
68. ОЙШЫНЫҚОВ Әшімбек, Балқаш ауданы
69. ЫРЫСКЕЛДИЕВ Әбдіхалық, Балқаш ауданы
70. СӘМИЕВ Білдебай, Балқаш ауданы
71. САТҚЫНБАЕВ Қасым, Балқаш ауданы
72. СІРГЕБАЕВ Жүнісбай, Еңбекшіқазақ ауданы
73. СЕРІКБАЕВ Ахмет, Еңбекшіқазақ ауданы
74. СҰЛТАНБЕКОВ Заманбек, Бәрібаев ауданы
75. ТӘЖИЕВ Кәрібай, Шоқпар ауданы
76. ТӘЖІҚОЖАЕВ Жанғазы, Шоқпар ауданы
77. ТІЛЕУЖАНОВ Атым, Шоқпар ауданы
78. ТІЛЕУҚАБЫЛОВ Әбіл, Балқаш ауданы
79. ТІЛЕУЖАНОВ Аныш, Шоқпар ауданы
80. ТІЛЕУЛИЕВ Құндыбай, Бәрібаев ауданы
81. ТОЙЖАНОВ Нұрпейіс, Бәрібаев ауданы
82. ТОҚБЕРГЕНОВ Әбілда, Бәрібаев ауданы
83. ТҰРҒАНБАЕВ Жазыбек (Түргенбаев), Қарқара ауданы
84. ТҰРЫСБЕКОВ Тәңірберген, Бүйен-Ақсу ауданы
85. ТҰРЫСБЕКОВ Айтмұхамет, Бүйен-Ақсу ауданы
86. ТЫШТЫБАЕВ Дайырман, Қарқара ауданы
87. ӨМІРБЕКОВ Нәсербай (Мешітбай) Шоқпар ауданы
88. ОРДАБАЕВ Ғали, Шоқпар ауданы
89. ШЫҒЫРОВ Жаманқұл, Балқаш ауданы
90. ШЫЛЫҚБАЕВ Әбдірахман, Балқаш ауданы
91. ШІЛБАЕВ Ерасыл, Балқаш ауданы
92. ШОРЫМБАЕВ Олжаболат, Балқаш ауданы
93. ШОРЫМБАЕВ Ұланболат, Еңбекшіқазақ ауданы
94. ШЕЛЕКБАЕВ Әбдірахман, Бәрібаев ауданы
95. ШОШАҚБАЕВ Имаш, Бәрібаев ауданы
96. ЖҮСІПОВ Упы, Бүйен-Ақсу ауданы

Петропавл округі

1. ӘБДІРАХМАНОВ Сұлтан (Әбдірахымов), Қызылту ауданы, № 2 ауыл
2. ӘБДІРАХЫМОВ Сәдуақас (Сұлтан), Қызылту ауданы, № 4 ауыл
3. ӘБДІКӘРІМОВ Сәдуақас, Қызылту ауданы, № 4 ауыл
4. ӘЗІБАЕВ Әбжан Көкшетау ауданы, № 1 ауыл
5. ӘЛТИЕВ Сәдуақас Төңкерей ауданы, № 2 ауыл
6. АЛТЫБАЕВ Нұрпейіс Қызыләскер ауданы, № 1 ауыл
7. АРБАБАЕВ Әбдір Төңкерей ауданы, № 3 ауыл
8. БӘЙТЕКОВ Қамза Көкшетау ауданы, № 5 ауыл
9. БӘЙТІКОВ Аббас Көкшетау ауданы, № 5 ауыл
10. БАЛҚОЖИН Сәдуақас, Бейнетқор ауданы
11. БАЛҚОЖИН Зейнолла, Бейнетқор ауданы
12. БАЛҚОЖИН Әбей, Бейнетқор ауданы
13. БЕКМҰХАМЕДОВ Нығымет (Нығыметжан), Көкшетау ауданы № 3 ауыл
14. ЖАНТЕЛИН Мұталай Қызылту ауданы, № 9 ауыл
15. ЖАНТЕЛИН Қасым, Қызылту ауданы № 4 ауыл
16. ЖАНТЕЛИН Сәлім, Қызылту ауданы № 9 ауыл
17. ЖҰМАНОВ Әлжан, Еңбекшілер ауданы, № 3 ауыл
18. ЖҰМАБАЕВ Ахметжан, Бейнетқор ауданы, № 6 ауыл
19. ЗӘКІРИНОВ Құрманқожа, Көкшетау ауданы, № 8 ауыл
20. ЫДЫРЫСОВ Мәлік, Бейнетқор ауданы № 8 ауыл
21. ИСИН Нұрлан, Қызылту ауданы, № 4 ауыл

22. ИСИН Сүлеймен, Қызылту ауданы № 7 ауыл
23. ҚАЙМОЛДИНОВ Әбіл, Қызылту ауданы
24. ҚАЙМУЛЛИН Ебіл, Бейнетқор ауданы, № 1 ауыл
25. КЕМЕЛОВ Нұртаза (Камал), Октябрь ауданы № 9 ауыл
26. КЕНЖЕҒАРИН Шөкім, Көкшетау ауданы № 5/4/ ауыл
27. КОЙКИН Тасан (Күйіков), Қызылөскер ауданы № 9 ауыл
28. ҚАСЕНОВ Бекқожа, Еңбекшілер ауданы № 10 ауыл
29. КҮШЕНОВ Жақып, Еңбекшілер ауданы № 10 ауыл
30. КҮШКЕНОВ Жақи, Төңкеріс ауданы № 4 ауыл
31. КҮШКЕНОВ Жақып, Төңкеріс ауданы № 2 ауыл
32. КҮЙІКОВ Тастан, Қызылөскер ауданы, № 9 ауыл
33. МАЙКӨТОВ Баймұқан, Петропавл қаласы
34. МАЙКӨТОВ Қасантай, Петропавл қаласы
35. МӘКЕНОВ Мұқаметжан, Октябрь ауданы № 12 ауыл
36. МАКИН Мұқаметжан, Октябрь ауданы
37. МҰҒЖЫҚОВ Нұралы (ол әрі Шолтықов), Октябрь ауданы
38. НҰРМАҒАНБЕТОВ Ахметжан, Бейнетқор ауданы № 6 ауыл
39. НҰРПЕЙІСОВ Мұқамет, Қызылөскер ауданы № 1 ауыл
40. НҰРПЕЙІСОВ Мұқаметқали, Қызылөскер ауданы, № 1 ауыл
41. НҰРТАЗИН Зейнолла, Октябрь ауданы № 9 ауыл
42. РАМАЗАНОВ Абылай, Төңкерей ауданы, № 4 ауыл
43. САБЫРЛИН ЖЫЛҚЫБАЙ, Қызылөскер ауданы № 8 ауыл
44. СӘДУАҚАСОВ Нұреке, Қызылту ауданы
45. САТЫБАЕВ Жабай, Еңбекшілер ауданы № 1 ауыл
46. ТАҚЫМБЕТОВ Исанберді, Бейнетқор ауданы № 7 ауыл
47. ТАҚЫМБЕТОВ Тасмағамбет (Тақамбетов), Бейнетқор ауданы № 1 ауыл
48. ТӘШЕНОВ Мүкіпай, Көкшетау ауданы № 3 ауыл
49. ТӘШЕНОВ Шәміл (Тәшімов), Қызылту ауданы № 2 ауыл
50. ТОҒЖАНОВ Сәдуақас, Қызылту ауданы № 5 ауыл
51. ОМАРҚҰЛОВ Шәріп, Еңбекшілдер ауданы № 3 ауыл
52. ҚАСЕНОВ Бекқожа, Еңбекшілдер ауданы № 10 ауыл
53. ҚАСЕНОВ Жолдасқожа, Көкшетау аудан, № 1 ауыл
54. ШӘЙМЕРДЕНОВ Рақым, Қызылту ауданы № 3 ауыл
55. ШЕКТІБАЕВ Рақымжан, Қызылту ауданы № 1 ауыл

Гурьев округі

1. АБАҚАНОВ Х., Новобогат ауданы
2. ӘБЕНОВ Алдаоңғар, Қызылқоға ауданы
3. АДАЕВ Сәбит Қызылқоға ауданы
4. АЙТЖІГІТОВ Аманша, Доссор ауданы, № 7 ауыл
5. АЛДАБЕРГЕНОВ Төкеш, Қызылқоға ауданы
6. ӘЛИЕВ Өтеғали (Өтепғали), Теңіз ауданы
7. ӘЛЖАНОВ Ибрагим, Есбол ауданы
8. Арыстанғалиев, Новобогат ауданы
9. БАЙЕТОВ Байжан, Доссор ауданы № 7 ауыл
10. БАЙЕТОВ Ермағанбет, Доссор ауданы
11. БАЙБАТЫРОВ Сұлтан, Қызылқоға ауданы, № 8 ауыл
12. БАНАТОВ Айтқали, Қызылқоға ауданы
13. БАЙТІЛЕНОВ Әміржан Еділбайұлы, Теңіз ауданы, Бадахан ауылы
14. БЕГӘЛИЕВ (Биғалиев) Сералы, Жаманқала ауданы
15. БЕГӘЛИЕВ, Есбол ауданы
16. БЕКЕНОВ А., Новобогат ауданы
17. БЕКМҰРЗИН Қазыбек, Доссор ауданы
18. БЕКТІЛЕУОВ, Жаманқала ауданы
19. БИСАЛИЕВ Арыстанғали, Новобогат ауданы
20. БӨЛЕКБАЕВ Бисенғали, Доссор ауданы, № 7 ауыл
21. ДӘУБАТЫРОВ Шәміш, Теңіз ауданы
22. ЕМЕСІНОВ Ішітар, Қызылқоға ауданы
23. ЖАҚСЫБАЕВ Жақсығали, Доссор ауданы
24. ЖАНАЕСОВ Ізбасар, Қызылқоға ауданы
25. ЖАНАЕСОВ, Қызылқоға ауданы
26. ЖАНҚОЖИН Жұмағали, Новобогат ауданы

27. ЖАНЫСЕНОВ К., Новобогат ауданы
28. ЖАРМАҒАМБЕТОВ Ерғали, Новобогат ауданы
29. ЖАРЫЛҚАСЫМОВ Б., Қызылқоға ауданы
30. ЖҰБАНИЯЗОВ Қану, Доссор ауданы
31. ЖОЛДАСОВ, Қызылқоға ауданы
32. ЖҰМАБАЕВ Түзелбай, Қызылқоға ауданы
33. ДҮЙСӘЛИЕВ Бөжебай, Қызылқоға ауданы
34. ДҮЙСӘЛИЕВ Ұрыбасар, Қызылқоға ауданы
35. ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ Сақи, Қызылқоға ауданы
36. ЕЛЕНБАЕВ Ғаббас (Елеубаев Ғаббас), Қызылқоға ауданы
37. ЕСБОЛҒАНОВ Бесімбай, Қызылқоға ауданы
38. ЕСЕНҒАРИН, Қызылқоға ауданы
39. ЖАҚСЫБАЕВ Жексенғали, Доссор ауданы № 8 ауыл
40. ИБРАШЕВ Қалмұқаш, Есбол ауданы № 10 ауыл
41. ИГЛІКОВ Айтжан, Қызылқоға ауданы
42. ЕЛУБАЕВ Бабас, Қызылқоға ауданы
43. ЕРЖАНОВ Халықберген, Доссор ауданы № 15 ауыл
44. СМАҒҰЛОВ Смадияр, Новобогат ауданы
45. ЕСҰЛАЕВ Сақи, Қызылқоға ауданы
46. ҚАРАҚҰЛОВ Шоқан, Доссор ауданы, № 7 ауыл
47. КЕМЕСАЕВ Байтілеу, Қызылқоға ауданы
48. ҚИСЫҚОВ Жұмағали, Қызылқоға ауданы
49. КІШІКОВ Жұмағали, Қызылқоға ауданы
50. ҚОЖАҒҰЛОВ Аманбай, Доссор ауданы
51. ҚОЖАҒҰЛОВ Жаман, Доссор ауданы
52. ҚОЖАРОВ Абдулла, Есбол ауданы
53. ҚОЛБАСОВ Қарақожа, Қызылқоға ауданы
54. ҚҰРМАНБАЕВ Қайырла, Теңіз ауданы
55. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ К, Теңіз ауданы
56. КҮСӘЛИЕВ Н., Есбол ауданы
57. ЛҰҚПАНОВ А., Қызылқоға ауданы
58. МАЙРАНОВ Б., Новобогат ауданы
59. МАҚАЖАНОВ Т., Қызылқоға ауданы
60. МӘМӘТӘЛИЕВ, Жаманқала ауданы
61. МӘМЕКОВ Қажығали, Новобогат ауданы
62. МАМЫШЕВ (Маймышев) Майқы, Есбол ауданы
63. МЕДЕТОВ Бабас, Қызылқоға ауданы
64. МЕДЕТОВ Тілеген, Қызылқоға ауданы
65. МЕНДӘЛИЕВ Демеу, Қызылқоға ауданы
66. МЫРЗАЛИЕВ Жақсығали, Қызылқоға ауданы № 17 ауыл
67. МӘМЕКОВ К., Новобогат ауданы
68. НҰРЖАНОВА Сарыпжан, Доссор ауданы
69. НҰРМАНОВ Қасан, Қызылқоға ауданы
70. ОМАРОВ Майран, Новобогат ауданы
71. СӘДЕНОВ Сағат, Қызылқоға ауданы
72. САЛАЕВ (Сәлиев) Жұмағали, Теңіз ауданы, Батырхан ауылы
73. САРМУХАМЕДОВ, Жаманқала ауданы
74. СЕЙТЕКОВ Шәріп, Қызылқоға ауданы
75. СЕРӘЛИЕВ, Жаманқала ауданы
76. ТОНАШЕВ Құсайын, Теңіз ауданы
77. ТОНАШЕВ Өтеғали, Теңіз ауданы
78. ТІНАТОВ А., Қызылқоға ауданы
79. ОМАҚОВ Мейрам, Новобогат ауданы
80. ҮМБЕТӘЛИЕВ Жақсығали, Доссор ауданы
81. ХАМИТУЛЛИН, Новобогат ауданы
82. ШЕТКОВ, Жаманқала ауданы
83. ШАҚАЕВ Қали, Новобогат ауданы
84. ШУЛАЕВ Сақып, Қызылқоға ауданы
85. ЖҰЛДЫЗОВ Жұмақұл, Қызылқоға ауданы

Орал округі

1. ӘБСӘТІРОВ (Әбсатаров) Қазымбай (Қажыбай), Азғыр ауданы

2. ӘЖІБАЕВ Шоқан, Қаратөбе ауданы
3. ӘЙТІМБЕТОВ Шпан, Шалқар ауданы, № 10 ауыл
4. АЖАХМЕТОВ Тұрыс, Шалқар ауданы № 1 ауыл
5. АЛҒАЗИЕВ Бектілеу, Азғыр ауданы
6. АЛҒАЗИЕВ Көптілеу, Азғыр ауданы
7. ӘБСӘТІРОВ Қожабай, Азғыр ауданы
8. АХМЕТОВ Қадай, Азғыр ауданы
9. БАЙҒАЗИЕВ Жұмағали, Шалқар ауданы № 15 ауыл
10. БАЙҒАЗИЕВ Жұма, Шалқар ауданы
11. БАЙМҰХАНОВ Құсман, Тайпақ ауданы
12. БАЛДИЯРОВ Мамаш, Азғыр ауданы
13. БАЛҚАШЕВ Сару, Азғыр ауданы
14. БАЛҚАШЕВ Сәти, Азғыр ауданы
15. БАШТАЕВ Әбужүсіп, Азғыр ауданы
16. БАШТАЕВ Бәкір, Азғыр ауданы
17. БАЯНАСОВ Өтебала, Азғыр ауданы
18. БЕГӘЛИЕВ Кәдес, Азғыр ауданы
19. БЕГІМОВ Көбес, Жымпиты ауданы
20. БЕКБАТЫРОВ Жанай, Қаратөбе ауданы
21. БЕКЕСОВ Мұсағали, Орда ауданы
22. БЕРДӘЛИН Қабыш, Орда ауданы
23. БИЕКЕНОВА Ақжүніс, Орда ауданы
24. БІРӘЛИЕВ Оразай, Сламихин ауданы
25. БОҒАЕВ Бәкір, Жанғалы ауданы
26. БӨКЕЙХАНОВ Мұқамбет (Мұхамет) Орда ауданы
27. БАҚЫТОВ Гилаудин, Орда ауданы
28. ҒАББАСОВ Есенқазы, Азғыр ауданы
29. КЕЛМАНОВ Рақыш, Қаратөбе ауданы
30. ЖАЛМАҒАНБЕТОВ Ж., Қаратөбе ауданы
31. ЖАНБОЛАТОВ Ысқақ, Қаратөбе ауданы
32. ЖҰМАҒАЛИЕВ Қаби, Шалқар ауданы № 15 ауыл
33. ЖҰМАҒАЛИЕВ Қаржауа, Жанғалы ауданы
34. ЖҰМАШЕВ Жұмабек, Жанғалы ауданы
35. ЖҰМАШЕВ Қаржау, Жанғалы ауданы
36. ЖҰМАШЕВ Мауби, Жанғалы ауданы
37. ЖҰМАШЕВ Молдабек, Жанғалы ауданы
38. ЖҮНІСОВ Кенжеғара, Шыжы ауданы
39. ДОСҚАЛИЕВ Ғұсман, Азғыр ауданы
40. ДОСҚАНОВ (Досқалиев), Шамақ Азғыр ауданы
41. ДОСҚҰЛОВ Әбу, Азғыр ауданы
42. ДОСТАНОВ Бисалы, Қаратөбе ауданы
43. ЕСІМОВ Жолат, Қаратөбе ауданы
44. ЖАЛМАҒАНБЕТОВ Жоламан, Қаратөбе ауданы
45. ЖАНҒАРИН Құсайын, Қаратөбе ауданы
46. ЗАЛИЕВ Ырысқали, Азғыр ауданы
47. ЕЛЕМАНОВ Тоғатбай, Жымпиты ауданы
48. ЕРАЛИЕВ Оразай, Жымпиты ауданы
49. ЕРЛІКОВ (Ермеков) Мақсұт, Сламихин ауданы
50. ЕСЕНБАЕВ Мұқаш, Азғыр ауданы
51. ЕСЕНҚҰЛОВ Тапаш, Азғыр ауданы
52. ЕСЕНАМАНОВ Қабыш, Заурал ауданы
53. ҚАЗАНҚАПОВ Әлжан, Заурал ауданы
54. ҚАРАТАЕВ Арон, Шалқар ауданы
55. КӨШДӘУЛЕТОВ Қуанай, Жымпиты ауданы
56. ҚУАТОВ Жұмағали, Тайпақ ауданы
57. КӨБЕЕВ Әбілғазы, Тайпақ ауданы
58. КӨБЕЕВ Ғаббас, Талов ауданы
59. КӨБЕЛОВ Ж., Жанғалы ауданы
60. КҮСЕПҚАЛИЕВ Дәулетші, Тайпақ ауданы
61. МӘМБЕТОВ Әубәкір, Азғыр ауданы
62. МӘМБЕТОВ Ғаббас, Тайпақ ауданы
63. МАШЕКЕНОВ Халық, Азғыр ауданы
64. МҰҚАТОВ Мұхамедияр, Азғыр ауданы

65. МҰҚАШЕВ Өтешқали (Өтеғали), Азғыр ауданы
66. МҰСЫЛМАНҚҰЛОВ Салтыкен, Азғыр ауданы
67. МҰХАМЕДОВ Ержан, Жымпиты ауданы
68. НӨКЕРБЕКОВ Әміре, Жымпиты ауданы
69. НҰҒЫМАНОВ Абдолла, Сламихин ауданы
70. ОМАРОВ Ләткер, Сламихин ауданы
71. ОМАРОВ Латып, Азғыр ауданы
72. ОМАРОВ Салық, Жымпиты ауданы
73. ОМАРОВ Шәпен, Азғыр ауданы
74. ОМАРОВ Шәрмен, Азғыр ауданы
75. ОРЫНБАЕВ Ж., Қаратөбе ауданы
76. СӘБИРОВ Ғұмар, Қаратөбе ауданы
77. САПАҚОВ Әбілқас, Сламихин ауданы
78. САТАНОВ Қаумет, Сламихин ауданы
79. САҚИТОВ Қадыр (Сақыпов), Жанғалы ауданы
80. СҮЙІНШӘЛИЕВ Махмұт, Жымпиты ауданы
81. СИЫҚОВ Мағаз, Жымпиты ауданы
82. ТІЛЕУБЕРГЕНОВ Серғазы, Орда ауданы
83. ТОҒАМБАЕВ Мұсағалы, Азғыр ауданы
84. ТОҚТЫҒҰЛОВ Шәріп, Азғыр ауданы
85. ~~ӨЗБЕКОВ Өтеміс, Шыжы ауданы~~ *W* *W*
86. ~~ҮМБЕТОВ Ибаш, Шыжы ауданы~~ *W*
87. ~~ҮМБЕТОВ Қаби, Шыжы ауданы~~ *W*
88. ~~ҮМБЕТОВ Нәби, Шыжы ауданы~~ *W*
89. ОРАЗАЛИЕВ Д., Сламихин ауданы
90. ОРАЗАЛИЕВ Жарас, Сламихин ауданы
91. ОРАЗАЛИН Ыдырыс, Сламихин ауданы
92. ӨСКЕНБАЕВ Нұрмұхамед, Сламихин ауданы
93. ОСПАНОВ Кәшен, Сламихин ауданы
94. ӨТЕГЕНОВ Бақыл (Бақы), Азғыр ауданы
95. ~~ҚАЙЫРЛИЕВ Қожантай, Азғыр ауданы~~ *шежіреде бар*
96. ХАМИТОВ Ш., Азғыр ауданы
97. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Нағым, Жанғалы ауданы
98. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Қашым, Жанғалы ауданы
99. ШҰБАЕВ Зұлқаш, Азғыр ауданы
100. ШОМБАЛОВ Қарасан, Азғыр ауданы
101. ШӘҢГЕРЕЕВ Елжан, Сламихин ауданы
102. ШӘҢГЕРЕЕВ Таусек, Сламихин ауданы
103. ШӘҢГЕРЕЕВ Жүсіпқали, Сламихин ауданы
104. ШӘУКЕНОВ Ғабдолла, Сламихин ауданы
105. ШӘУІЛДИНОВ Қали, Қаратөбе ауданы
106. ШӘУІЛДИНОВ Өтеқожа, Қаратөбе ауданы
107. ШОҚИН Сапа, Қаратөбе ауданы
108. ШОМБАЛОВ Қар, Қаратөбе ауданы
109. ШОРМАНОВ Жәми, Қаратөбе ауданы
110. ШОРМАНОВ Кәрім, Қаратөбе ауданы
111. ШОРМАНОВ Зинда, Қаратөбе ауданы
112. ЖҮСІПӘЛИЕВ Сатыбалды, Сламихин ауданы
113. ЖҮСІПОВ Шынтай, Орда ауданы

(жалғасы бар).

Архив материалдарын қағазға түсірген — Марат ХАСАНАЕВ,
Талас ОМАРБЕКОВ.

РУХТАРЫНА БАСЫМДЫ ИЕМІН

«Жазықсыз жапа шеккендер» атты жариялымдағы 1928-29-жылдары кон-
пескеленген байлардың тізімінде маған екі адамның аты-жөні таныс. Біріншісі,
Жұмабаев Түзелбай әкем Кәрім Мәжитұлының нағашы жұрты. Жұмабай

әкемнің туған нағашысы, руы-ысық. Жұмабай — Бостыбайұлы, Бостыбай — Нұркешұлы, Нұркеш — Сейітқұлұлы, Сейітқұл — Назарұлы, Назар — Тоғызбайұлы. Түзелбай 1928-жылы әуелі ату жазасына бұйрылған, сонан соң сот процесі бұзылып, Ресейге мәңгілікке жер аударылған.

Екіншісі, Саданов Сағат бізбен аталас, руы-жаңбыршы беріш. Кәрім — Мәжитұлы, Мәжит — Мұқашұлы, Мұқаш — Тілепбергенұлы... Тілепберген мен Қуан бірге туған. Қуаннан — Әпенді, Доспағанбет, Ержан, Садан, Бижан, Дінмұқан. Саданұлы — Сағат. Сағат атамыз түрменің азабынан ауырып қайтыс болған. Тағдырдың талапайына түскен осы екі адамның рухына басымды иемін.

Әкем Кәрім Мәжитұлын 1928-жылы 16 жасында бай баласы деп (атам Мәжит 1921-жылы қайтыс болған) әуелі Қызылқоға сосын Текеге түрмеге отырғызған. «Кеңес үкіметінде әкесі үшін баласы жауап беруге тиіс емес», деп Ахмедяр халфе жоғарыға арыз жазып (өзі де Текенің түрмесінде отыр екен) әкемді бір жылдан кейін құтқарыпты. Бірақ әкемді, інісі Мұхит, шешеміз Балғанымды Қалдығайтыға жер аударған. «Кейін елге рұхсат еткенде, сегіз қанат ақ орда тігулі күйінде қалды. Жалғыз сиырды жетектеп Тайсойғанға келдік», деп отыратын әкем марқұм.

Осы тізімдерді тауып, көз майын тауысып, архивте айлап отырған Талас Омарбековке алғыстан басқа айтарым жоқ, бала-шағаңның қызығын көр!

Марат КӘРІМҰЛЫ МӘЖИТ немересі.

